



Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 12-1/14 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 12 ақпанда № 9138 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 46 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.02.2016 № 46 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік қызметшілерінің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік сапаларына қойылатын талаптарды арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Кадр және әкімшілік қамтамасыз ету департаменті (Ж.Е. Аманбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң

2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 3 қ а ң т а р д а ғ ы

№ 12-1/14 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы»

(бұдан әрі – Ар-намыс кодексі) Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 қазандағы № 651 Жарлығының 2-тармағына, «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет саласындағы және сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңнама) с ә й к е с ә з і р л е н г е н .

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік), ведомстволары және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік қызметшілерінің (бұдан әрі – Министрліктің мемлекеттік қызметшілері) өздерінің қызметтік міндеттерін орындау барысындағы, әріптестерімен және азаматтармен өзара қарым-қатынастардағы негізгі мінез-құлық нормаларын айқындайды.

3. Министрліктің мемлекеттік қызметшілері өз қызметінде:

1) заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, мемлекеттік қызмет саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алғаны;

2) адалдық, тәртіптілік, жауапкершілік, белсенділік, бастамашылық танытқаны және келіссөздер (кездесулер) барысында басқа адамдарға шыдамдылық, сыпайылық, әдептілік және құрмет танытқаны;

3) шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатынасына, сеніміне, тұрғылықты жеріне және өзге де мән-жайларға қарамастан, адамның және азаматтың ары мен қадір-қасиетін с ы й л а ғ а н ы ;

4) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал еткені, мемлекеттік және басқа да тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарағаны;

5) адал, әділ, қарапайым болғаны, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтағаны, азаматтармен және әріптестермен қарым-қатынаста сыпайылық және әдептілік танықаны;

6) ұжымның стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудегі біртұтастығына ықпал еткені;

7) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейін және біліктілігін арттырғаны;

8) өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себепкер болмағаны, сын үшін қудалауға жол бермегені, орынды сынды кемшіліктерді жою және өзінің қызметін жақсарту үшін пайдаланғаны;

9) өзінің міндеттерін тиісті орындағаны, жұмысын нақты қалыптасқан

жағдайды ескере отырып, ұйымдастырғаны және жоспарлағаны;

10) жұмыс уақытын тиімді пайдаланғаны және ұжымдағы басқа мемлекеттік қызметшілердің еңбек міндеттерін орындауына кедергі келтіретін іс-әрекеттерді ж а с а м а ғ а н ы ;

11) қызметтік субординацияны сақтағаны;

12) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз еткені, автокөлік құралдарын қоса алғанда, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті ұтымды , тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдаланғаны;

13) Қазақстан Республикасының, мемлекеттік биліктің және Министрліктің беделін түсіруге ықпал ететін іс-әрекеттерді жасамағаны;

14) өзінің қызметтік міндеттерін атқару барысында іскерлік киім стилін ұ с т а н ғ а н ы ;

15) мемлекеттік қызметшілердің өздерінің функциялары мен міндеттерін атқару кезіндегі бастамашылығын қолдағаны және көтермелегені;

16) мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу бойынша шараларды қ а б ы л д а ғ а н ы ;

17) осы Қағидалардың талаптарын бұзу фактілеріне қағидатты түрде ден қойғаны, айыптының жауапкершілігімен қатар өзінің жеке жауапкершілігі туралы мәселені қоюға дайын болғаны жөн.

4. Министрліктің мемлекеттік қызметшілері Ар-намыс кодексінде белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтағаны жөн.

Егер Министрліктің мемлекеттік қызметшісінің өзінің қызметтік міндеттерін атқару барысында сыбайлас жемқорлықпен ұштасатын немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы дәйекті ақпараты болатын болса, мемлекеттік қызмет саласындағы және сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы заңнамада белгіленген шараларды қ а б ы л д а у ы қ а ж е т .

5. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және қызмет мәселелері туралы өзінің пікірін көпшілік алдында білдірмегені жөн, егер ол:

1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмейтін болса;

2) жария етуге рұқсат берілмеген қызметтік құпияны ашатын болса;

3) мемлекеттің лауазымды тұлғаларының, басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепке сай емес сөздер қамтылатын болса.

6. Министрліктің мемлекеттік қызметшілері реттелетін салаларда тексерулерді жүзеге асыру кезінде:

1) тексерісті әділ және объективті өткізгені;

2) тексерілетін субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтағаны;

3) тексеруге әсер етуі мүмкін тексерілетін субъектілердің өкілдерімен өзара қ а р ы м - қ а т ы н а с ж а с а м а ғ а н ы ж ө н .

7. Министрлікте мемлекеттік қызмет және еңбек саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кадрлық шешімдерді қабылдау кезінде мемлекеттік қызметшілерді кемсітудің кез келген түріне, сондай-ақ протекционизмнің, жекелеген мемлекеттік қызметшілерге жасалатын артықшылық мен жеңілдіктердің кез келген түріне жол берілмейді.

8. Қызметтік уақыттан тыс кезде Министрліктің мемлекеттік қызметшілері:

1) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстануы, қоғамқа қарсы мінез-құлыққа жол бермеуі;

2) қоғамдық жағымсыз резонанс тудыратын іс-әрекеттерге жол бермеуі, өзінің беделіне нұқсан келтіретін мінез-құлықтан қалыс қалуы;

3) Министрліктің қызметкері жоғары атағына кір келтіретін кез келген жеке байланыстардан аулақ болуы қажет.

Қызметтен тыс қарым-қатынастарда Министрліктің мемлекеттік қызметшілері осы Қағидалардың талаптарын және мемлекеттік қызмет саласындағы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнаманы сақтағаны және Министрліктің мемлекеттік қызметшісінің беделін, кәдір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен алаламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болғаны жөн.

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы» (бұдан әрі – Ар-намыс кодексі) Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 қазандағы № 651 Жарлығының 2-тармағына, «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет саласындағы және сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңнама) с ә й к е с ә з і р л е н г е н .

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік), ведомстволары және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік қызметшілерінің (бұдан әрі – Министрліктің мемлекеттік қызметшілері) өздерінің қызметтік міндеттерін орындау барысындағы, әріптестерімен және азаматтармен өзара қарым-қатынастардағы негізгі мінез-құлық нормаларын айқындайды.

3. Министрліктің мемлекеттік қызметшілері өз қызметінде:

1) заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, мемлекеттік қызмет саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алғаны;

2) адалдық, тәртіптілік, жауапкершілік, белсенділік, бастамашылық танытқаны және келіссөздер (кездесулер) барысында басқа адамдарға шыдамдылық, сыпайылық, әдептілік және құрмет танытқаны;

3) шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатынасына, сеніміне, тұрғылықты жеріне және өзге де мән-жайларға қарамастан, адамның және азаматтың ары мен қадір-қасиетін сыйлағаны;

4) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал еткені, мемлекеттік және басқа да тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарағаны;

5) адал, әділ, қарапайым болғаны, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтағаны, азаматтармен және әріптестермен қарым-қатынаста сыпайылық және әдептілік танықаны;

6) ұжымның стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудегі біртұтастығына ықпал еткені;

7) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейін және біліктілігін арттырғаны;

8) өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себепкер болмағаны, сын үшін қудалауға жол бермегені, орынды сынды кемшіліктерді жою және өзінің қызметін жақсарту үшін пайдаланғаны;

9) өзінің міндеттерін тиісті орындағаны, жұмысын нақты қалыптасқан жағдайды ескере отырып, ұйымдастырғаны және жоспарлағаны;

10) жұмыс уақытын тиімді пайдаланғаны және ұжымдағы басқа мемлекеттік қызметшілердің еңбек міндеттерін орындауына кедергі келтіретін іс-әрекеттерді жасамағаны;

11) қызметтік субординацияны сақтағаны;

12) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз еткені, автокөлік құралдарын қоса алғанда, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдаланғаны;

13) Қазақстан Республикасының, мемлекеттік биліктің және Министрліктің беделін түсіруге ықпал ететін іс-әрекеттерді жасамағаны;

14) өзінің қызметтік міндеттерін атқару барысында іскерлік киім стилін ұстанғаны;

15) мемлекеттік қызметшілердің өздерінің функциялары мен міндеттерін атқару кезіндегі бастамашылығын қолдағаны және көтермелегені;

16) мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу бойынша шараларды қабылдағаны;

17) осы Қағидалардың талаптарын бұзу фактілеріне қағидатты түрде ден қойғаны, айыптының жауапкершілігімен қатар өзінің жеке жауапкершілігі

туралы мәселені қоюға дайын болғаны жөн.

4. Министрліктің мемлекеттік қызметшілері Ар-намыс кодексінде белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтағаны жөн.

Егер Министрліктің мемлекеттік қызметшісінің өзінің қызметтік міндеттерін атқару барысында сыбайлас жемқорлықпен ұштасатын немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы дәйекті ақпараты болатын болса, мемлекеттік қызмет саласындағы және сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы заңнамада белгіленген шараларды қ а б ы л д а у ы қ а ж е т .

5. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және қызмет мәселелері туралы өзінің пікірін көпшілік алдында білдірмегені жөн, егер ол:

- 1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмейтін болса;
- 2) жария етуге рұқсат берілмеген қызметтік құпияны ашатын болса;
- 3) мемлекеттің лауазымды тұлғаларының, басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепке сай емес сөздер қамтылатын болса.

6. Министрліктің мемлекеттік қызметшілері реттелетін салаларда тексерулерді жүзеге асыру кезінде:

- 1) тексерісті әділ және объективті өткізгені;
- 2) тексерілетін субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтағаны;
- 3) тексеруге әсер етуі мүмкін тексерілетін субъектілердің өкілдерімен өзара қ а р ы м - қ а т ы н а с ж а с а м а ғ а н ы ж ө н .

7. Министрлікте мемлекеттік қызмет және еңбек саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кадрлық шешімдерді қабылдау кезінде мемлекеттік қызметшілерді кемсітудің кез келген түріне, сондай-ақ протекционизмнің, жекелеген мемлекеттік қызметшілерге жасалатын артықшылық мен жеңілдіктердің кез келген түріне жол берілмейді.

8. Қызметтік уақыттан тыс кезде Министрліктің мемлекеттік қызметшілері:

- 1) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстануы, қоғамқа қ а р с ы м і н е з - қ ұ л ы қ қ а ж о л б е р м е у і ;
- 2) қоғамдық жағымсыз резонанс тудыратын іс-әрекеттерге жол бермеуі, өзінің беделіне нұқсан келтіретін мінез-құлықтан қалыс қалуы;
- 3) Министрліктің қызметкері жоғары атағына кір келтіретін кез келген жеке б а й л а н ы с т а р д а н а у л а қ б о л у ы қ а ж е т .

Қызметтен тыс қарым-қатынастарда Министрліктің мемлекеттік қызметшілері осы Қағидалардың талаптарын және мемлекеттік қызмет саласындағы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнаманы сақтағаны және Министрліктің мемлекеттік қызметшісінің беделін, қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен алаламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болғаны жөн.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК